



Нұр-Сұлтан қаласы

**2021 жылғы 25 наурыз -
16 сәуір**

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жас музыканттар - балалар музыка мектептері мен өнер мектептері оқушыларының республикалық Фестиваль-конкурсын қашықтан өткізеді.

Республиканың балалар музыка мектептері мен өнер мектептерінде 80 мыңнан астам оқушы музыкалық шығармашылықпен айналысады.

Еліміздің жас музыканттары үшін Фестиваль-байқауға қатысу ерекше оқиға болып табылады.

Алғаш рет 1967 жылы 25 жас музыкант қатысқан. Жыл сайын қуаныш сыйлайтын, аспапта ойнау мен шығармашылыққа ынталандыратын музыка мерекесіне қатысуға қызығушылық артуда.

Биыл Фестиваль-байқауға облыстардан, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларынан жергілікті іріктеу байқауынан өткен 663 жеңімпаз қатысады. Скрипка, альт, виолончель, труба, флейта, саксофон, кларнет және т.б. музыкалық аспаптардың жас орындаушылары өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетеді.

Фестиваль-байқау дарынды жастардың шығармашылық бейімділіктерін іске асыру ғана емес, сонымен қатар олардың даралығын көрсетуге және болашақта мамандық таңдауға ықпал етеді.

Іс-шараның негізгі міндеті балалардың музыкалық-эстетикалық талғамын қалыптастыру, жас музыканттардың орындаушылық шеберлігін дамыту, жетілдіру, шығармашылық тәжірибе алмасу, репертуарды кеңейту, балалардың жалпы музыкалық мәдениетінің

деңгейін арттыру, әлемдік музыка өнерінің шыңына жетелеу және Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау болып табылады.

Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі, жеңімпаздар дипломдар және сыйлықтармен, ал жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласуға болады: + 7 (7172) 64 27 19; 64 27 32; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru